

«Рухани жаңғыру» - жарқын болашақ, кемел келешек

Ерболатова Аружан

Ғылыми жетекшісі: PhD, доцент А.З. Жуманова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Әр заманның өз талабы мен мақсаты және міндеті бар. Ел мәдениетінің, мемлекеттің жүйелі түрде дамуы ұрпақтың уақыт талабына икемделуінсіз жүзеге асқан емес. Ұлттың тарихи санасының қалыптасу негіздерінің өзінде уақыт талабына бейімделу, мәдени ортаны қалыптастыруға деген ұмтылысы жатыр.

Аталған екі жаңғыру процесінің де нақты мақсат-міндеттері, басымдықтары мен оған жеткізетін жолдары бар. Ұрпақ көздеген жұмыстары бәрі дер уақытында және барынша тиімді жүзеге асарына сенімді. Бірақ, орындалу үшін мұның өзі жеткіліксіз.

Мақсатқа жету үшін ұрпақтың санасыз істерді озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады.

Рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес.

2017 жылғы 12 сәуірде Тұңғыш Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» атты бағдарламалық мақаласын жариялап, онда қоғамдық сананы жаңғыртудың нақты бағыттарын айқындап берген еді. Өткен бір жыл ішінде бағдарлама бағыттары айқындала түсті, бұл жаңғыруға Қазақстандық қоғам қолдау көрсетті. Интернет-портал да өзінің арнайы бөлімінде осы үрдісті белсенді баяндап отырды.

Елбасының айтуы бойынша, Қазақстан жаңа тарихи кезеңге аяқ басқан. Бүгінгі күнде еліміздің үшінші жаңғыруы да басталып кеткен, ол саяси реформа мен экономикалық жаңғыру. Қазақстанның қазіргі таңдағы мақсатының әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу екені бүгінге дейін де айтылып келді. Рухани жаңғыру бүгін ғана басталған жоқ. Оған 2004 жылғы „Мәдени мұра” бағдарламасы мен 2013 жылғы "Халық – тарих толқынында" бағдарламасы аясында жаңғырған тарихи ескерткіштер мен әлемдегі беделді архивтерден жиналған өз тарихымызға байланысты материалдарды жатқызсақ болады.

Елбасы «Таяу жылдардағы міндеттер» бөлімінде мемлекетімізге пайдасын тигізетін алдағы жылдары мықтап қолға алынуы қажет бірнеше жобалар туралы сөз қозғайды. Бірінішісіне тоқтала кетсек ол қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру. Президент атап өткендей, бір жағынан – латынға ауыстыруға терең логика бар және бүгінге дейін технологиялық қоғам мен коммуникация талап етуде. Бәрімізге анық жастардың мектеп табалдырығына аттағанда, ағылшын тілін үйрететінін білеміз, сондықтан да латын әліпби қиындыққа туғызбайды деп ой бар. Елбасы «Қазақстан-2050» стратегиясында мемлекеттегі барлық сала 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуі тиіс екендігін мәлімдеді. Оған дейін кириллизацияны қолдануға рұқсат берілген. Қаншама жыл өмір сүрген қазақ елі бүгінгі күнге дейін бірнеше әліпбиді қолданды. Ауқымды бүкілхалықтық талқылаулардан кейін, келіп түскен барлық ескертулер мен ұсыныстарды ескере отырып, Елбасының 2018 жылғы 19 ақпандағы № 637 Жарлығымен әліпбидің толық аяқталған нұсқасы бекітілді. Кешенді жұмыстар аясында Мемлекеттік тілді латын графикасына көшіру бойынша жұмыс тобының бес отырысы өткізілді. Сонымен қоса, Жұмыс тобының меморгандармен, қоғамдық және ғылым-білім құрылымдарымен: ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, Назарбаев университеті, ұлттық университеттер (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ мен ҚазҰАУ), «Қазақ тілі» халықаралық қоғамымен, Тіл білімі, әдебиет және өнер институтымен, Тарих және этнология институтымен, Философия, саясаттану және дінтану институтымен, ҚР БҒМ Шығыстану институтымен, Халықаралық түркі академиясымен және тағы басқаларымен бірлескен отырыстары мен жиналыстары өткізілді. Латыншаны енгізу үшін қажетті нормативтік-құқықтық база сәйкестікке келтіріледі. Латын графикасының негізіндегі қазақ тілінің үлкен орфографиялық сөздігін жасаумен айналысатын орфографиялық-лингвистік комиссия құру жоспарлануда. Бұдан әрі оқу-әдістемелік, көркем әдебиетті әзірлеу мен басып шығару бойынша жұмыс басталады. Екінші бағыт - «100 жаңа оқулық». Бұл жоба бойынша

шетелдік гуманитарлық және қоғамдық ғылымдардағы үздік деген 100 кітап қазақшаға аударылады. «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында оқулықтарды іріктеу бойынша Іс-қимыл жоспары жасалды. ЖОО-дың ұсыныстары негізінде 800 атаудан тұратын оқулықтардың бастапқы тізімі жасалды. Қалыптастырылған критерилерге сәйкес Жұмыс тобы оқулықтарды іріктеуді бастап кетті. Оқулықтарды қазақ тіліне аударып, басып, тарату үшін «Ұлттық аударма бюросы» коммерциялық емес қоры құрылды. Бекітілген 18 оқулықты аударып, басу құқығын сатып алу үшін шетелдік баспалармен (АҚШ, Англия, Швейцария, Франция мен Ресейдің жетекші баспалары) шарттар бекітілді. Солардың базасында оқулықтар аударылып, басылатын ЖОО-лар, кәсіби қауымдастықтар ішінен жауапты ұйымдар айқындалды. Жобаны іске асыру үшін 90-нан астам маман тартылған 17 жұмыс тобы құрылды. Алғашқы 18 оқулық мемлекеттік тілге аударылып, басылып шықты. 12 сәуірде Елбасының қатысуымен осы оқулықтардың тұсаукесері болып өтті. Жобаның 100kitap.kz. ресми сайты іске қосылды. Жалпы, жоба, үйретудің тәсілдері мен әдістемелері спектрін кеңейтуге арналған, олар қазақстандықтарға, әсіресе, студенттер мен оқытушыларға қолжетімді болады. Бұл жобаның мәні – гуманитарлық саладағы студенттерге шетелдік теория мен практиканы ана тілдерінде түсіндіріп, білімді мамандарды қалыптастыру.

Үшінші бағыт - «Туған жер». Бұл жобаның ерекшелігі – өңірлердің белсенді қатысуы, сонымен қатар, кәсіпкерлерді, меценаттарды және мүдделі азаматтарды тарту. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне деген сүйіспеншілік арқылы көрсетілген патриотизм – ұлттық-генетикалық кодтың негізі. Жоба аясында 700-ден астам нақты жобалар іске асырылды, 320-дан аса жоба іске асырылып жатыр, бүкіл республика бойынша 150-ден астам жоба бастамаланды. Меценаттар есебінен 51 млрд. теңгеден астам демеушілік көмек алынды.

Төртінші бағытқа келсек - туған жерге деген сүйіспеншілік пен махаббат Қазақстанға, ұлтқа деген патриоттық сезімге жалғасады. Елбасының айтуынша, «Туған жер» бағдарламасынан бөлек «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» атты жобаның да ұлт перзенттері үшін пайдасы зор. Туған жерге деген сүйіспеншілік пен махаббат Қазақстанға, ұлтқа деген патриоттық сезімге жалғасады. Елбасының айтуынша, «Туған жер» бағдарламасынан бөлек «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» атты жобаның да ұлт перзенттері үшін пайдасы зор. Бұл бағдарлама негізінде Қожа Ахмет Ясауи, Айша бибі, Бекет ата тарихи-мәдени кешендерін ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыру көзделді. Киелі мекендерге бай Қазақстанның тұрғындары ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі – киелі жерлердің географиясы екенін толықтай білуі тиіс. ҚР Ұлттық музейінің жанынан «Қасиетті Қазақстан» орталығы құрылды. Жалпыұлттық және жергілікті киелі жерлерді іріктеу мен жүйелеу бойынша 40 ғалым мен қоғам қайраткерлерінен тұратын Ғылыми-сарапшылар кеңесі жұмыс істейді. Жалпыұлттық және өңірлік маңызы бар нысандардың тізімі жасалып, жалпыұлттық маңызы бар 183 нысан анықталды. Бұл тізімге ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұралары Тізіміне енгізілген тарихи және мәдени ескерткіштер енді, олар: Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Таңбалы тас петроглифтері және жергілікті маңызы бар 520 нысан. Жалпыұлттық маңызға ие киелі нысандар бойынша 3D туры бар киелі нысандардың виртуалдық картасы әзірленді. «Ұлытау», «Отырар» және «Таңбалы» Мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорықтарының сапар-орталықтарын салу мәселесі шешілуде. «Бозоқ», «Ботай» және «Сарайшық» сияқты 3 республикалық музей-қорықтары жасалуда. Бүгінде Қазақстанның киелі нысандары туралы 4 фильм өндірісте, олар БҰҰ-ның 5 тілінде дубляжданатын болады. «Күлтегін» ғылыми-танымдық деректі фильмін түсіру бойынша National Geographic, Viasat History, Discovery арналарымен бірлескен жоба іске қосылды. 2018 жылғы 15 қаңтарда Ұлттық музейде «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша II Республикалық форум болып өтті.

Бесінші бағыт - «Жаһандағы қазақстандық мәдениет». Жоба қазақстандық мәдениетті шетелде танымал ету бойынша жүйелі жұмыстар құруға бағытталған. Елбасының ойынша

күллі әлем бізді мұнаймен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де тануы керек. Бұл жоба бойынша отандық мәдениет пен мәдени қазыналарымызды әлемге таныстыру барысында жаңа тәсіл ойлап табу мен мәдени өнімдерімізді кітап түрінде емес, мультимедиялық бағытта ұсыну қарастырылады.

Соңғы алтыншы бағытқада таянып қалдық - Сонымен қатар бұл бағдарламада Елбасы ұсынған соңғы жоба – «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы. Бұл 2017 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының шын мәніндегі визиттік карточкасына айналды. Бұл жобаның негізгі мақсаттары – ақылымен заманауи Қазақстанды жасап жатқан қарапайым адамдарды қазақ қоғамына таныту мен оларға ақпараттық қолдау көрсету арқылы таныту. Жастар шет мемлекеттің азаматтарынан емес, отандастарымыздан үлгі алуға тиіс. Біздің мемлекетте де еліне пайдасын тигізіп жатқан, үлгі болуға лайықты адамдар жоқ емес. Ал олар осы жоба арқасында мемлекет алдындағы маңызын түсінуімен қатар ұлты үшін жасаған істерінің нәтижесін алады. 2017 жылғы 15 қыркүйекте «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы бойынша 2112 үміткер жиналды. Бұдан соң, сарапшылар мен жұмыс тобы іріктеп алған үміткерлер қоғамдық дауыс беруге қатысу үшін «100esim.el.kz» сайтына бағытталды. 340 мыңнан аса қазақстандық өз фавориттеріне дауыс берді. «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасының 102 жеңімпазы 2017 жылғы 1 желтоқсанда Елбасымен кездесті. Бұл жоба жас қазақстандықтарға, өсіп келе жатқан жас ұрпаққа, олардың талапкер отандастарының кәсіби табысқа қалай қол жеткізгендерін көрсетуі керек.

Қорыта айтсақ, Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында тарихтың өткеніне көз жүгіртіп, жаңа тарихи кезеңдерге жан-жақты баға бере отырып, рухани жаңғыру арқылы болашаққа деген өзінің парасатты пікірлері мен көзқарасын білдірді. «Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр... Мен барша Қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс - біздің дамуымыздың ең басты қағидасы», – деп ел келешегіне үміт артады. Рухани жаңғырудың негізі ұлттың қасиеттері мен рухани құндылықтарға тәуелді болса, оның әлеуметтік өрісі қашанда білімге, еңбекке және табандылыққа келіп тіреледі. Қазақ баласына білімнің рухын түсіндірген. Жеке адамның білімге деген құрметі оның толыққанық білім алуына, рухан деңгейінің қалыптасуына ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру //Егемен Қазақстан. – 2017. – 12 сәуір.
2. Жолдыбай Б., Нұрлыбек Д. Рухани жаңғыру – тарихты қайта тануға жетелейді. // Егемен Қазақстан. – 2017 – 29 мамыр.

Тұлғаны рухани байыту негізі – ұлттық тәлім тәрбие

Садирбекова Акнур Газизовна
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі
№16 ЖББОМ КММ

Ұлы ғұлама Әл-Фараби «Тәрбиелеу дегеніміз–халықтардың бойына білімге негізделген этникалық игіліктер мен өнерлерді дарыту деген сөз» -деген болатын [1].

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында «Білім беру жүйесінің міндеті – ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» екендігі атап көрсетілді [2] Сондықтан халқымыздың өткен тарихындағы прогрессивті педагогикалық дәстүрлерін ұлттық және адамзаттық құндылықтар